

Жаңаарқа ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2024 жылғы 20 ақпандағы № 14/92 шешімі. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 26 ақпанда № 100-20 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2026 жылғы 22 сәуірдегі № 41/228 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 22.04.2026 № 41/228 шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Жаңаарқа аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жаңаарқа ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 пайыздан 2 пайызға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Аудандық мәслихат төрағасы

Ю. Беккожин